



Е Р Е Ж Е

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ

«Әлкей Марғұлан атындағы
Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ
Академиялық кеңесінің шешімімен бекітілген
(2026 жылғы 21 сәуірдегі № 5 хаттама)

ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Павлодар қ.

Алғысөз

ЖҰМЫС ТОБЫМЕН ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ. Жұмыс тобының жетекшісі – Курабаева Ф.А.

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР: Антихович Ж.С., Киреева А.К., Курмангазина Г.Ж., Шақаман Ы.Б., Боталова О.Б., Жумажанова Г.И., Жакиенова А.А., Абдрахманова Д.К.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Пәннің оқу-әдістемелік кешеніне қойылатын жалпы талаптар	5
3	Пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу қағидаттары	6
4	Пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрамы мен функционалдық құрылымы	8
5	Пән силлабусы	11
6	Оқу қызметінің түрлері бойынша оқу-әдістемелік материалдар	16
7	Бағалау материалдары	17
8	Пәннің оқыту нәтижелерін конструктивті сәйкестендіру матрицасы	18
9	Оқу, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстары	19
10	ПОӘК әзірлеуге және іске асыруға қойылатын ерекше талаптар	19
11	ПОӘК әзірлеу, сараптау және бекіту	20
12	ПОӘК-ні өзектендіру және сапасын мониторингілеу	22
13	ПОӘК-ні орналастыру, оған қолжетімділік және сақтау	23
А	Пән силлабусының нысаны	25
Б	Пәннің оқыту нәтижелерін конструктивті сәйкестендіру матрицасы	31
В	ПОӘК сараптама парағы	33
Г	ПОӘК өзектендіру парағы	35
Д	Қорытынды бақылау материалдарын сараптау парағы	36

1 Жалпы ережелер

1.1 Қолданылу саласы

1.1. Осы Ереже «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ-да пәннің оқу-әдістемелік кешенін (ПОӘК) әзірлеуге, құрылымына, мазмұнына, сараптамасына, өзектендіруге, сақтауға және пайдалануға қойылатын талаптарды айқындайды.

1.2. Осы Ереженің талаптары ПОӘК-ні әзірлеуге, іске асыруға, сараптауға және өзектендіруге қатысатын профессор-оқытушылар құрамы, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, академиялық офис және Университеттің өзге де қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

1.2 Нормативтік құқықтық негіз

Осы Ереже мынадай нормативтік құқықтық актілерге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
- 2) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
- 3) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (өзгерістермен және толықтырулармен).
- 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (өзгерістермен және толықтырулармен).
- 5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары (өзгерістермен және толықтырулармен).
- 6) «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Академиялық саясаты.
- 7) «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ-да жасанды интеллектті пайдалану туралы ереже.
- 8) «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ-да инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже.
- 9) Білім беру процесін ұйымдастыруды, білім сапасын қамтамасыз етуді және оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеуді реттейтін Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттары.

1.3 Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Білім беру бағдарламасы – мақсаттарды, мазмұнды, оқыту нәтижелерін, білім беру процесін ұйымдастыруды және білім алушыларды даярлауға қойылатын талаптарды айқындайтын құжат.

Бағалау – белгіленген бағалау критерийлері негізінде білім алушылардың оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін айқындау процесі.

Бағалау критерийлері – оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесі айқындалатын белгілер жиынтығы.

Пәнді меңгеру саясаты – білім беру процесін ұйымдастыруға, оқу тапсырмаларын орындауға, оқыту нәтижелерін бағалауға, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға және жасанды интеллект технологияларын пайдалануға қойылатын талаптарды белгілейтін силлабустың міндетті бөлігі.

Постреквизиттер – осы пәнді оқу барысында қалыптастырылған оқыту нәтижелері қажет болатын пәндер және (немесе) оқу қызметінің өзге түрлері.

Пререквизиттер – осы пәнді меңгеру үшін игеру нәтижелері қажет болатын пәндер және (немесе) оқу қызметінің өзге түрлері.

Оқыту нәтижелері – білім алушы пәнді оқуды аяқтағаннан кейін қол жеткізгенін көрсететін білім, білік, дағды және құзыреттер.

Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ) – білім алушы пән бағдарламасына және әдістемелік материалдарға сәйкес өз бетінше орындайтын оқу қызметінің түрі.

Білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (БӨӨЖ) – білім алушы оқу процесінің кестесіне сәйкес оқытушының әдістемелік сүйемелдеуімен орындайтын оқу қызметінің түрі.

Силлабус – білім алушыға арналған, пәннің мақсаты мен мазмұны, оқыту нәтижелері, оқу қызметін ұйымдастыру, күнтізбелік жоспар, бағалау жүйесі, пәнді меңгеруге қойылатын талаптар және оқу материалдарына қолжетімділік туралы ақпаратты қамтитын пәннің негізгі ақпараттық-ұйымдастырушылық оқу-әдістемелік құжаты. Силлабус білім алушының пән бойынша навигаторы қызметін атқарады.

Пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК) – пәнді іске асыруды және оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін өзара байланысты оқу-әдістемелік, ақпараттық, бағалау және цифрлық материалдар жүйесі.

1.4 Белгілеулер мен қысқартулар

Осы Ережеде мынадай белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

ААЖ – автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

АЖ және СҚ – Академиялық жұмыс және сапаны қамтамасыз ету комитеті;

ЖМ – Жоғары мектеп;

МЖМС – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

ЖИ – жасанды интеллект;

ЭПК – элективті пәндер каталогы;

ЖАОК – жаппай ашық онлайн-курс;

LMS – оқытуды басқару жүйесі (Learning Management System);

БББ – білім беру бағдарламасы;

ОПҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

БӨЖ – білім алушының өзіндік жұмысы;

БӨӨЖ – білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы;

ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені.

2. Пәннің оқу-әдістемелік кешеніне қойылатын жалпы талаптар

2.1. «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ-да жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүзеге асырылады және оқу-әдістемелік құжаттама жүйесімен қамтамасыз етіледі, оның негізгі элементтерінің бірі пәннің оқу-әдістемелік кешені (бұдан әрі – ПОӘК) болып табылады.

2.2. ПОӘК пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің негізгі элементі болып табылады, білім беру бағдарламасына сәйкес әзірленеді және пәннің оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

2.3. ПОӘК әзірлеу осы Ережеде белгіленген қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады және білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етуге, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге және білім беру бағдарламасын іске асыруға бағытталады.

2.4. ПОӘК Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, ғылым мен білімнің заманауи жетістіктерін, білім беру технологияларының дамуын, кәсіби стандарттарды (бар болған жағдайда), еңбек нарығының талаптарын және жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып әзірленеді.

2.5. ПОӘК Қазақстан Республикасының заңнамасы, білім беру бағдарламасы, оқыту нәтижелері, пән мазмұны, білім беру технологиялары, оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар өзгерген жағдайларда, сондай-ақ білім сапасының ішкі мониторингі нәтижелері бойынша өзектендірілуге тиіс.

2.6. ПОӘК-ні әзірлеуге, оның өзектілігіне, мазмұнының сапасына және уақтылы жаңартылуына лектор, пәнді іске асыратын оқытушылар және білім беру бағдарламасының жетекшісі жауапты болады. ПОӘК-нің осы Ереже талаптарына сәйкестігін әдістемелік сүйемелдеуді, үйлестіруді және бақылауды Академиялық офис жүзеге асырады.

2.7. ПОӘК-нің барлық компонент бірыңғай өзара байланысты жүйе ретінде әзірленеді және мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

- пәннің оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді;
- білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкестікті;
- пән мазмұнының, оқыту әдістері мен бағалаудың логикалық өзара байланысын;
- білім алушылар үшін білім беру процесін ұйымдастырудың түсініктілігі мен ашықтығын;
- осы Ереженің талаптарына сәйкестікті.

2.8. Бекітілген силлабус және ПОӘК-нің өзге компоненттері Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ақпараттық-білім беру ортасында орналастырылады және білім алушылар мен оқытушылардың өзекті оқу-әдістемелік материалдарға уақтылы қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

2.9. ПОӘК білім беру бағдарламасында көзделген әрбір пән бойынша әзірленеді және оқу нысанына, білім беру бағдарламасын іске асыру тіліне және

қолданылатын білім беру технологияларына қарамастан, білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің міндетті элементі болып табылады.

3. Пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу қағидаттары

3.1. Пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу білім беру процесін жобалаудың заманауи тәсілдері мен білім беру қызметінің сапасын, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді және білім беру бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ететін қағидаттар негізінде жүзеге асырылады.

3.2. ПОӘК әзірлеу кезінде мынадай қағидаттар сақталады:

3.2.1. Конструктивті сәйкестендіру қағидаты. ПОӘК компоненттері пәннің оқыту нәтижелерінің, оқыту мазмұнының, оқыту әдістері мен технологияларының, білім алушылардың оқу қызметінің, сондай-ақ оқыту нәтижелерін бағалау нысандары мен құралдарының өзара байланысы негізінде әзірленеді.

3.2.2. Студентке бағдарланған оқыту қағидаты. ПОӘК білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып білім беру процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, олардың дербестігін, сыни ойлауын, кәсіби құзыреттерін және жеке білім беру траекториясын дамытуға ықпал етеді.

3.2.3. Құзыреттілік қағидаты. Пәннің мазмұны, оқыту әдістері және бағалау материалдары пәннің оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге және білім беру бағдарламасында көзделген құзыреттерді қалыптастыруға бағытталады.

3.2.4. Академиялық адалдық қағидаты. ПОӘК әзірлеу және іске асыру кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау, бағалаудың объективтілігі мен ашықтығы, авторлық құқықтарды және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі.

3.2.5. Инклюзивтілік қағидаты. ПОӘК барлық білім алушылар үшін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін қолжетімді білім беру технологияларын, оқу материалдарын және қажет болған жағдайда арнайы оқыту мен бағалау жағдайларын қолдану арқылы тең білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуді ескере отырып әзірленеді.

3.2.6. Білім беруді цифрлық трансформациялау қағидаты. ПОӘК әзірлеу кезінде білім беру процесінің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға ықпал ететін заманауи цифрлық білім беру технологияларын, электрондық білім беру ресурстарын, онлайн-платформаларды және өзге де цифрлық құралдарды пайдалану көзделеді.

3.2.7. Жасанды интеллект технологияларын жауапты пайдалану қағидаты. ПОӘК компоненттерін әзірлеу және іске асыру кезінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жасанды интеллектті қолдану жөніндегі жоғары оқу орындары аралық стандартқа, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Жасанды интеллект технологияларын қолдану оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге, білім алушылардың сыни ойлауын және дербес танымдық қызметін дамытуға ықпал етуге тиіс және олардың дербес оқу қызметінің нәтижелерін алмастыра алмайды.

3.2.8. Үздіксіз жетілдіру қағидаты. ПОӘК Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістерін, ғылым мен білім беру технологияларының дамуын,

кәсіби стандарттарды, жұмыс берушілердің талаптарын, білім сапасының ішкі мониторингі нәтижелерін және білім алушылардан, түлектерден және өзге де мүдделі тараптардан алынған кері байланысты ескере отырып жүйелі түрде талданып, өзектендірілуге тиіс.

3.2.9. Білім сапасының мониторингі негізінде шешім қабылдау қағидаты. ПОӘК әзірлеу, жетілдіру және өзектендіру білім сапасын ішкі және сыртқы қамтамасыз ету нәтижелерін, білім алушылардың жетістіктерін талдауды, сауалнама нәтижелерін, жұмыс берушілердің, түлектердің және өзге де мүдделі тараптардың ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырылады.

3.2.10. Жеткіліктілік және артықтыққа жол бермеу қағидаты. ПОӘК-нің әрбір компоненті өзінің функционалдық мақсатын орындау үшін қажетті және жеткілікті ақпаратты қамтуға тиіс. Материалдардың көлемі мен егжей-тегжейлілігі оқыту нәтижелерімен, пәннің ерекшелігімен және оқу қызметінің түрімен айқындалады.

4. Пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрамы мен функционалдық құрылымы

4.1. Жалпы ережелер

4.1.1. Пәннің оқу-әдістемелік кешені білім беру бағдарламасында көзделген әрбір пән бойынша әзірленеді және пән бойынша оқыту нәтижелерін жоспарлау, ұйымдастыру, іске асыру және бағалау үшін қажетті өзара байланысты компоненттер жүйесін білдіреді.

4.1.2. ПОӘК құрылымы мен мазмұны пәннің оқыту нәтижелерімен, оның мазмұнымен, оқу қызметінің түрлерімен, бағалау нысандарымен және білім беру бағдарламасының ерекшеліктерімен айқындалады.

4.1.3. ПОӘК компоненттері өзара келісілген және мынадай дәйекті байланысты қамтамасыз етуге тиіс: оқыту нәтижелері → пән мазмұны → білім алушылардың оқу қызметі → оқыту әдістері мен технологиялары → оқыту нәтижелерін бағалау.

4.1.4. ПОӘК негізінен электрондық нысанда әзірленеді. Оның компоненттері жеке құжаттар, материалдар, цифрлық ресурстар немесе Университеттің ақпараттық-білім беру ортасындағы модульдер түрінде ұсынылуы мүмкін.

4.1.5. ПОӘК әзірлеу кезінде оқытушы материалдардың білім алушылар үшін түсінікті құрылымы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Білім алушы силлабус арқылы пәнді оқу үшін қандай материалдар қажет екенін, олардың қайда орналастырылғанын, қандай тапсырмаларды және қандай мерзімде орындау керектігін, сондай-ақ оқу қызметінің нәтижелері қандай критерийлер бойынша бағаланатынын анықтай алуы тиіс.

4.2. ПОӘК құрамы

4.2.1. Пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрамына мыналар кіреді:

1. пән силлабусы;
2. оқу қызметінің түрлері бойынша оқу-әдістемелік материалдар;
3. бағалау материалдары;
4. пәннің оқыту нәтижелерін конструктивті сәйкестендіру матрицасы;

5. оқу, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстары;
6. пәннің үлгілік оқу бағдарламасы – бар болған жағдайда;
7. курстық жұмысты (жобаны) орындауға арналған әдістемелік материалдар – егер курстық жұмыс (жоба) оқу жоспарында көзделсе;
8. пән мен білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін ескере отырып қажетті өзге де оқу-әдістемелік материалдар.

4.2.2. ПОӘК құрамы мен көлемі білім деңгейін, білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін, пән мазмұнын, оқу сабақтарының түрлерін және қолданылатын білім беру технологияларын ескере отырып айқындалады. ПОӘК құрамына оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті материалдар ғана енгізіледі.

4.3. ПОӘК компоненттерінің функционалдық мақсаты

4.3.1. Силлабус білім алушыға арналған, пән туралы негізгі мәліметтерді қамтитын және оны меңгеруді жоспарлауға мүмкіндік беретін ақпараттық-ұйымдастырушылық құжат болып табылады.

Силлабус білім алушының мыналарды түсінуі үшін қажетті ақпаратты қамтиды:

- пәннің мазмұны мен мақсатын;
- қол жеткізілуге тиіс нәтижелерді;
- тақырыптарды оқу реттілігін;
- оқу қызметінің негізгі түрлерін;
- тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптарды;
- ағымдағы, аралық және қорытынды бағалау мерзімдерін;
- бағалау қағидаттары мен критерийлерін;
- пәнді меңгеру саясатын;
- жасанды интеллект технологияларын пайдалану тәртібін;
- оқу және бағалау материалдарының орналастырылған орнын.

4.3.2. Оқу қызметінің түрлері бойынша оқу-әдістемелік материалдар

Оқу-әдістемелік материалдар білім алушылардың оқу қызметін мазмұндық және әдістемелік сүйемелдеуге арналған және оқу жоспарында көзделген оқу қызметінің түрлеріне сәйкес әзірленеді. Олар мынадай материалдарды қамтиды:

- дәріс сабақтарының;
- семинар, практикалық, зертханалық және студиялық сабақтардың;
- білім алушылардың оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысының, оның ішінде жобалық, зерттеушілік және өзге де оқу қызметінің, білім алушылардың өзіндік жұмысы көрсетіле отырып.

Оқу-әдістемелік материалдар оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті тапсырмаларды, нұсқаулықтарды, ұсынымдарды, оқу мәтіндерін, кейстерді, практикалық материалдарды және өзге де ресурстарды қамтиды.

Мұндай материалдардың мазмұны мен егжей-тегжейлілік дәрежесін оқытушы пәннің ерекшелігі мен оқу қызметінің сипатын ескере отырып айқындайды.

4.3.3. Бағалау материалдары

Бағалау материалдары білім алушылардың пән бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін айқындауға арналған.

Оларға мынадай бағалау түрлерінің тапсырмалары мен өзге де құралдары жатады:

- ағымдағы бағалаудың;
- аралық бақылаудың;
- қорытынды бақылаудың;
- пәнде көзделген өзге де бағалау түрлерінің.

Бағалау тапсырмалары үшін бағаланатын оқыту нәтижелері, тапсырманың мазмұны мен нысаны, бағалау критерийлері, ең жоғары балл немесе өзге белгіленген көрсеткіш, сондай-ақ қажет болған жағдайда жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың рұқсат етілген шарттарына қойылатын талаптар айқындалады.

Егжей-тегжейлі нұсқаулықтар, критерийлер, дескрипторлар, рубрикалар және чек-парақтар тиісті бағалау тапсырмасымен бірге орналастырылады және қолжетімділігі шектелген материалдарды қоспағанда, білім алушыларға тапсырманы орындауға дейін қолжетімді болуы тиіс.

4.3.4. Пәннің оқыту нәтижелерін конструктивті сәйкестендіру матрицасы.

Конструктивті сәйкестендіру матрицасы пәнді жобалау және сараптау құралы болып табылады.

Матрица мыналардың өзара байланысын көрсетеді:

- пәннің оқыту нәтижелерінің;
- пән мазмұнының;
- оқу қызметінің негізгі түрлерін;
- оқыту әдістері мен технологияларының;
- бағалау нысандары мен құралдарының;
- қажет болған жағдайда жасанды интеллект технологияларын рұқсат етілген пайдаланудың.

Матрицаны оқытушы пәнді әзірлеу және өзектендіру кезінде, сондай-ақ білім беру бағдарламасының жетекшісі, Академиялық жұмыс және сапаны қамтамасыз ету комитеті және Академиялық офис ПОӘК сараптамасын жүргізу кезінде пайдаланады.

4.3.5. Оқу, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстары

Оқу, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстары пәнді меңгеруді ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді.

Оларға мыналар жатуы мүмкін:

- оқулықтар мен оқу құралдары;
- ғылыми жарияланымдар;
- нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттар;
- кәсіби стандарттар;
- электрондық кітапхана жүйелері мен дерекқорлар;
- цифрлық білім беру ресурстары;
- бейнематериалдар;
- жаппай ашық онлайн-курстар;
- виртуалды зертханалар мен тренажерлер;
- білім беру платформалары;
- пәннің оқыту нәтижелеріне сәйкес келетін өзге де сенімді және қолжетімді ресурстар.

Ресурстар тізбесі өзекті және мақсатқа сай болуы тиіс. Пәнді іске асыру кезінде іс жүзінде пайдаланылмайтын дереккөздердің артық тізбесін ПОӘК-ге енгізу талап етілмейді.

4.4. ПОӘК компоненттерінің өзара байланысы

4.4.1. ПОӘК компоненттері бірыңғай жүйені құрайды және өзара келісілген болуы тиіс. ПОӘК-нің әртүрлі компоненттерінде көрсетілген тақырып атаулары, оқыту нәтижелері, оқу қызметінің түрлері, бағалау нысандары және негізгі тапсырмаларды орындау мерзімдері бір-бірінен ерекшеленбеуге және бір-біріне қайшы келмеуге тиіс.

4.4.2. Силлабуста білім алушыға оқу қызметін жоспарлау үшін қажетті негізгі ақпарат көрсетіледі, ал егжей-тегжейлі материалдар ПОӘК-нің тиісті компоненттерінде орналастырылады. Мысалы, силлабуста тапсырманың атауы, орындау мерзімі, нәтижені ұсыну нысаны, негізгі критерийлер көрсетіледі, ал тапсырманың толық сипаттамасы, нұсқаулық және кеңейтілген бағалау критерийлері бағалау материалдарының құрамында орналастырылады.

5. Пән силлабусы

5.1. Силлабустың мақсаты

5.1.1. Силлабус білім алушыға арналған пәннің негізгі ақпараттық-ұйымдастырушылық оқу-әдістемелік құжаты болып табылады және пән бойынша навигатор қызметін атқарады.

5.1.2. Силлабус білім алушыға пән туралы тұтас түсінік береді және мыналарды түсінуге мүмкіндік береді:

- пәннің нені білдіретінін және білім беру бағдарламасында қандай орын алатынын;
- қандай оқыту нәтижелеріне қол жеткізу қажет екенін;
- қандай тақырыптар және қандай реттілікпен оқытылатынын;
- оқу қызметінің қандай түрлері көзделгенін;
- қандай тапсырмаларды орындау қажет екенін;
- негізгі тапсырмалар қандай мерзімде орындалатынын және бақылау түрлері қашан өткізілетінін;
- оқыту нәтижелері қалай бағаланатынын;
- пәнді меңгеру кезінде қандай талаптарды сақтау қажет екенін;
- оқу, әдістемелік және бағалау материалдары қайда орналастырылғанын.

5.2. Силлабусқа қойылатын жалпы талаптар

5.2.1. Силлабус білім беру бағдарламасы, оқу жоспары, білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері, тандау компоненті пәндері үшін элективті пәндер каталогы, бар болған жағдайда үлгілік оқу бағдарламасы, сондай-ақ осы Ереженің талаптары негізінде әзірленеді.

5.2.2. Силлабустың мазмұны бекітілген білім беру бағдарламасына және пән бойынша білім беру процесінің нақты ұйымдастырылуына сәйкес келуі тиіс.

5.2.3. Силлабус түсінікті, логикалық құрылымдалған, өзекті, қолжетімді және ПОӘК-нің басқа компоненттерімен келісілген болуы тиіс. Оның мазмұны мен көлемі пәннің ерекшелігімен айқындалады және білім алушының оқу қызметін жоспарлау үшін жеткілікті болуы тиіс.

5.2.4. Силлабус ПОӘК-нің оқу-әдістемелік және бағалау материалдарын қайталамайды. Егжей-тегжейлі материалдар Университеттің ақпараттық-білім беру ортасында орналастырылады, ал силлабуста білім алушыға оларды пайдалану үшін қажетті мәліметтер көрсетіледі.

5.3. Силлабус құрылымы

5.3.1. Силлабус мынадай міндетті элементтерді қамтиды:

1. титулдық бөлікті;
2. пән туралы мәліметтерді;
3. оқытушы туралы мәліметтерді;
4. пәннің қысқаша сипаттамасын;
5. пәннің мақсатын;
6. пәннің оқыту нәтижелерін және олардың білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерімен байланысын;
7. пререквизиттер мен постреквизиттерді;
8. күнтізбелік-тақырыптық жоспарды;
9. ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды қоса алғанда, оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін;
10. пәнді меңгеру саясатын;
11. жасанды интеллект технологияларын пайдалануға қойылатын талаптарды;
12. негізгі оқу, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстарын.

5.3.2. Силлабус осы Ережеге А қосымшасының нысаны бойынша ресімделеді. Титулдық бөлім силлабусты сәйкестендіруге және бекітуге қажетті мәліметтерді қамтиды.

5.3.3. Пәннің ерекшелігін ескере отырып, силлабусқа білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастыру үшін қажетті қосымша мәліметтер енгізілуі мүмкін, бұл ретте осы Ереженің 5.3.1-тармағында белгіленген міндетті құрылым сақталуы тиіс.

5.4. Пән туралы мәліметтер

5.4.1. Силлабуста мыналар көрсетіледі:

- академиялық кредиттер саны;
- семестр немесе өзге оқу кезеңі;
- пәнді іске асыру тілі;
- пәннің атауы;
- білім беру бағдарламасының атауы мен коды;
- білім деңгейі;
- оқу нысаны;
- оқу сабақтарының түрлері;
- оқу жүктемесінің жалпы көлемі.

5.4.2. Силлабуста пәннің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі.

Егер пререквизиттер немесе постреквизиттер көзделмесе, тиісті белгі қойылады.

5.4.3. Бірнеше білім беру бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын пән үшін пәннің көлемі, оқыту нәтижелері, мазмұны, оқу қызметінің түрлері және бағалау жүйесі бірдей болған жағдайда бірыңғай силлабус әзірлеуге жол беріледі. Пәннің оқыту нәтижелерінің әрбір білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерімен байланысы бөлек көрсетіледі.

5.5. Оқытушы туралы мәліметтер

5.5.1. Силлабуста білім алушының оқытушымен академиялық өзара іс-қимылы үшін қажетті мәліметтер көрсетіледі:

- тегі, аты, әкесінің аты – бар болған жағдайда;
- лауазымы;
- корпоративтік электрондық пошта;
- консультация өткізу орны және (немесе) тәсілі;
- қажет болған жағдайда академиялық коммуникацияның өзге де ресми тәсілдері.

5.5.2. Егер пәнді бірнеше оқытушы іске асырса, мәліметтер олардың әрқайсысы бойынша көрсетіледі.

5.5.3. Силлабусқа білім алушылармен академиялық өзара іс-қимылды ұйымдастыру үшін қажетті оқытушы туралы мәліметтер ғана енгізіледі.

5.6. Пәннің қысқаша сипаттамасы мен мақсаты

5.6.1. Қысқаша сипаттама пәннің нені оқытатынын, білім беру бағдарламасында қандай орын алатынын және білім алушыны даярлау үшін қандай маңызы бар екенін ашып көрсетуі тиіс.

5.6.2. Пәннің мақсаты оны меңгерудің жалпы бағытын көрсетеді және пәннің оқыту нәтижелерімен келісіледі.

5.7. Пәннің оқыту нәтижелері

5.7.1. Оқыту нәтижелері білім алушының пәнді аяқтағаннан кейін нені көрсетуге тиіс екенін айқындайды және бақылауға әрі бағалауға болатын әрекеттер арқылы тұжырымдалады.

5.7.2. Пәннің оқыту нәтижелері:

- нақты және түсінікті;
- пән көлемі шеңберінде қолжетімді;
- өлшенетін және бағалауға келетін;
- білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерімен байланысты;
- тиісті мазмұнмен, оқу қызметімен және бағалаумен қамтамасыз етілген болуы тиіс.

5.7.3. Силлабуста пәннің оқыту нәтижелерінің білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерімен байланысы көрсетіледі.

5.7.4. Оқыту нәтижелері пән мазмұнын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды, оқу тапсырмаларын және бағалау жүйесін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

5.8. Пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

5.8.1. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар пәнді оқу реттілігін және негізгі оқу қызметінің апталар немесе өзге оқу кезеңдері бойынша бөлінуін айқындайды.

5.8.2. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мыналарды қамтиды:

- модульдің, бөлімнің және (немесе) тақырыптың атауын;
- тиісті тақырыппен байланысты пәннің оқыту нәтижелерінің кодтарын;
- сабақ түрлері бойынша оқу жұмысының көлемін;
- негізгі тапсырмалар мен бағалау нысандарын;
- негізгі тапсырмаларды орындау мерзімдерін.

5.8.3. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарда оқыту нәтижелері қысқартылған түрде көрсетіледі: ОН1, ОН2, ОН3 және т.б.

5.8.4. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарда тапсырмалар мен бағалау нысандарының қысқаша атаулары беріледі. Тапсырмалардың толық сипаттамалары, нұсқаулықтар және кеңейтілген бағалау критерийлері ПОӘК-нің тиісті оқу-әдістемелік және бағалау материалдарында орналастырылады.

5.8.5. Дуальды оқыту элементтері бар пәндер үшін күнтізбелік-тақырыптық жоспар іске асыру орнын және Университет пен серіктес ұйым арасындағы оқу қызметінің бөлінуін қосымша көрсетеді.

5.9. Оқыту нәтижелерін бағалау жүйесі

5.9.1. Бағалау жүйесі білім алушыға түсінікті болуы және пәннің оқыту нәтижелері, бағаланатын оқу қызметінің түрлері және қорытынды баға арасындағы байланысты көрсетуі тиіс.

5.9.2. Силлабуста мыналар көрсетіледі:

- ағымдағы бағалаудың негізгі түрлері;
- аралық және қорытынды бақылау нысандары;
- бағаланатын оқыту нәтижелері;
- өткізу немесе орындау мерзімдері;
- бағалаудың әрбір түрі бойынша ең жоғары балл;
- негізгі бағалау критерийлері;
- қорытынды бағаны қалыптастыру тәртібі.

5.9.3. Бағалау нысандары мен құралдары пәннің оқыту нәтижелеріне сәйкес келуге және оларға қол жеткізу дәрежесін айқындауға мүмкіндік беруге тиіс.

5.9.4. Бағалау тапсырмаларының толық сипаттамалары, оларды орындау жөніндегі нұсқаулықтар, дескрипторлар, рубрикалар және өзге де бағалау құралдары ПОӘК-нің бағалау материалдарының құрамында ресімделеді.

5.9.5. Қолжетімділігі шектелген қорытынды бақылау материалдарын қоспағанда, білім алушыларға бағалау тапсырмасының толық сипаттамасы мен оны бағалау критерийлеріне тапсырманы орындау басталғанға дейін қолжетімділік беріледі.

5.10. Пәнді меңгеру саясаты

5.10.1. Пәнді меңгеру саясаты осы пәннің ерекшелігіне байланысты оқу қызметін ұйымдастыру талаптары мен қағидаларын белгілейді.

5.10.2. Пәнді меңгеру саясаты мыналарды қамтуы мүмкін:

- оқу қызметіне қатысуға қойылатын талаптарды;
- тапсырмаларды орындау мерзімдерін сақтау және ауыстыру қағидаларын;
- жұмыстарды ұсыну, пысықтау және қайта орындау тәртібін;
- кері байланыс беру тәртібін;
- академиялық адалдық талаптарын;
- жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді, цифрлық платформаларды және өзге де ресурстарды пайдалану қағидаларын;
- пән ерекшеліктеріне байланысты өзге де талаптарды.

5.10.3. Академиялық саясатта және Университеттің басқа ішкі құжаттарында белгіленген жалпы нормалар силлабуста қайталанбайды. Қажет болған жағдайда силлабуста тиісті ішкі құжатқа сілтеме көрсетіледі.

5.11. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану

5.11.1. Силлабуста пәнді меңгеру кезінде жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың рұқсат етілуі, шарттары мен шектеулері айқындалады.

5.11.2. ЖИ пайдалану шарттары оқыту нәтижелері мен оқу және бағалау тапсырмаларының сипатын ескере отырып белгіленеді. Қызмет пен тапсырмалардың әртүрлі түрлері үшін ЖИ пайдаланудың әртүрлі рұқсат етілген деңгейлері белгіленуі мүмкін.

5.11.3. Силлабуста ЖИ пайдаланудың мынадай деңгейлері қолданылуы мүмкін:

0-деңгей — ЖИ пайдалануға тыйым салынады;

1-деңгей — ЖИ тек өздігінен дайындалу, жұмыс бағыттарын іздеу және идеялар генерациялау үшін пайдалануға рұқсат етіледі; ЖИ жасаған мазмұн бағалауға ұсынылатын жұмысқа енгізілмейді;

2-деңгей — жұмыстың негізгі мазмұнын білім алушы өзі жасаған жағдайда ЖИ материалдарды редакциялау, аудару, құрылымдау және ресімдеу үшін көмекші құрал ретінде пайдалануға рұқсат етіледі;

3-деңгей — ЖИ материалдарды жасау және талдау үшін пайдалануға рұқсат етіледі, бұл ретте олардың дұрыстығын міндетті түрде тексеру, сыни тұрғыдан қайта өңдеу, өздігінен пысықтау және ЖИ пайдаланылғанын мәлімдеу талап етіледі;

4-деңгей — ЖИ пайдалану тапсырманың міндетті бөлігі немесе оқу және бағалау пәні болып табылады.

5.11.4. Силлабуста оқу қызметі мен бағалаудың әрбір негізгі түрі үшін ЖИ пайдаланудың тиісті деңгейі көрсетіледі. Нақты тапсырмаға арналған арнайы шарттар оның сипаттамасында беріледі және тапсырманы орындау басталғанға дейін білім алушылардың назарына жеткізіледі.

5.11.5. Егер ЖИ пайдалануға рұқсат етілсе, оқытушы қажет болған жағдайда мыналарға қойылатын талаптарды белгілейді:

- пайдаланылған құралды және оны қолдану мақсатын көрсетуге;
- алынған ақпараттың дұрыстығын тексеруге;
- ЖИ жасаған мазмұнды сыни тұрғыдан қайта өңдеуге;
- орындалған жұмыстың дербестігін растауға;
- сұранымдар тарихын, аралық материалдарды немесе тапсырманы орындау процесін растайтын өзге дәлелдерді ұсынуға.

5.11.6. ЖИ пайдалануға қойылатын талаптар Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес келуге тиіс.

5.12. Оқу, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстары

5.12.1. Силлабусқа білім алушыға пәнді меңгеру үшін тікелей қажетті негізгі дереккөздер мен ресурстар тізбесі енгізіледі.

5.12.2. Тізбеге мыналар енгізілуі мүмкін:

- негізгі оқу әдебиеті;
- нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттар;
- негізгі ғылыми және кәсіби дереккөздер;
- электрондық кітапхана жүйелері мен дерекқорлар;

- цифрлық білім беру ресурстары;
- білім беру платформалары және өзге де қажетті ресурстар.

5.12.3. Дереккөздер мен ресурстар өзекті, сенімді, білім алушыларға қолжетімді және пәннің мазмұны мен оқыту нәтижелеріне сәйкес болуы тиіс.

5.12.4. Қосымша әдебиеттер мен ресурстардың кеңейтілген тізбесі пәннің ақпараттық-білім беру ортасында орналастырылуы мүмкін. Силлабуста оған қол жеткізу орны көрсетіледі.

5.13. Силлабусты әзірлеу және өзектендіру

5.13.1. Силлабусты лектор пәнді іске асыруға қатысатын оқытушылармен бірлесіп әзірлейді.

5.13.2. Пәнді бірнеше оқытушы іске асырған кезде оқыту нәтижелері, негізгі мазмұн, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, бағалау жүйесі, аралық және қорытынды бақылау нысандары мен бағалау критерийлері бірыңғай болады. Оқытушылар оқыту нәтижелеріне және белгіленген бағалау жүйесіне сәйкес келген жағдайда әртүрлі оқыту әдістерін, қосымша оқу материалдарын және ағымдағы тапсырмаларды қолдана алады.

5.13.3. Силлабус пәнді іске асырудың кезекті кезеңі басталар алдында қайта қаралады.

5.13.4. Силлабустың жаңа редакциясы мынадай елеулі өзгерістер болған кезде әзірленеді:

- білім беру бағдарламасының;
- пәннің оқыту нәтижелерінің;
- пән көлемінің немесе оны іске асыру кезеңінің;
- пәннің негізгі мазмұнының;
- бағалау жүйесінің;
- қорытынды бақылау нысанының;
- пәнді меңгеруді ұйымдастыруға әсер ететін өзге де жағдайлардың.

5.13.5. Оқыту нәтижелерін, пәннің негізгі мазмұнын және бағалау жүйесін өзгертпейтін мысалдарды, кейстерді, әдебиеттерді, цифрлық ресурстарды, оқу материалдарын және ағымдағы тапсырмаларды жаңарту ПОӘК-ті ағымдағы өзектендіру шеңберінде жүзеге асырылады және силлабустың жаңа редакциясын әзірлеуді талап етпейді.

5.13.6. Силлабусты келісу және бекіту осы Ереженің 11-бөлімінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Оқу қызметінің түрлері бойынша оқу-әдістемелік материалдар

6.1. Жалпы талаптар

6.1.1. Оқу-әдістемелік материалдар оқу жоспарында көзделген оқу қызметінің түрлері бойынша әзірленеді және білім алушыға оны ұйымдастыру және орындау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

6.1.2. Оқу-әдістемелік материалдардың құрамы, мазмұны мен көлемі оқыту нәтижелерімен, пәннің ерекшелігімен және оқу қызметінің түрімен айқындалады.

6.1.3. Оқу-әдістемелік материалдар силлабуспен, күнтізбелік-тақырыптық жоспармен және пәннің бағалау материалдарымен келісілген болуы тиіс.

6.2. Дәріс сабақтарының материалдары

6.2.1. Дәріс сабақтарының материалдары пәннің теориялық мазмұнын меңгеруді қамтамасыз етеді және мыналарды қамтиды:

- тақырып пен негізгі мәселелерді;
- тақырып бойынша оқу материалын;
- мысалдарды, схемаларды, кестелерді, иллюстрацияларды және өзге де түсіндірме материалдарды;
- өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар мен тапсырмаларды;
- ұсынылатын дереккөздер мен цифрлық ресурстарды.

6.2.2. Дәріс сабақтары материалдарының мазмұны мен нысанын оқытушы оқыту нәтижелері мен пән ерекшеліктерін ескере отырып айқындайды.

6.3. Практикалық, семинарлық, зертханалық және студиялық сабақтардың материалдары

6.3.1. Практикалық, семинарлық, зертханалық және студиялық сабақтардың материалдары мыналарды қамтиды:

- сабақ тақырыбын;
- сұрақтарды, міндеттерді, кейстерді немесе өзге тапсырмаларды;
- ұсынымдарды немесе орындау тәртібін;
- нәтижені ұсыну нысанын;
- орындау мерзімін;
- бағалау критерийлерін;
- қажетті оқу және цифрлық ресурстарды.

6.3.2. Зертханалық, студиялық және өзге сабақтар үшін қажет болған жағдайда жабдықтарға, материалдарға, бағдарламалық қамтамасыз етуге, қауіпсіздік техникасына және нәтижелерді ресімдеуге қойылатын талаптар қосымша көрсетіледі.

6.4. Білім алушылардың өзіндік жұмысының материалдары

6.4.1. Өзіндік жұмыс материалдары білім алушылардың өзіндік жұмысы (БӨЖ) және білім алушылардың оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (БӨӨЖ) үшін оқыту нәтижелері мен пән мазмұнына сәйкес әзірленеді.

6.4.2. БӨӨЖ оқытушының әдістемелік сүйемелдеуін, консультациясын және кері байланысын көздейтін жобалық, зерттеушілік, шығармашылық, практикалық-бағдарланған және өзге де оқу қызметі нысанында ұйымдастырылуы мүмкін.

6.4.3. БӨЖ және БӨӨЖ үшін мыналар айқындалады:

- тақырып пен тапсырма;
- жұмыстың нысаны мен күтілетін нәтижесі;
- орындау мерзімдері;
- орындау жөніндегі ұсынымдар;
- бағалау критерийлерін;
- қажетті дереккөздер мен ресурстар.

6.4.4. БӨӨЖ үшін оқытушымен өзара іс-қимыл нысаны және онымен байланысты білім алушының өзіндік жұмысы көрсетіледі. Қажет болған жағдайда жұмысты орындау кезеңдері, жеке немесе топтық қызметтің және жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың шарттары айқындалады.

6.5. Оқу-әдістемелік материалдарды ұсыну нысандары

6.5.1. Оқу-әдістемелік материалдар оқыту нәтижелері мен оқу қызметінің сипатына сәйкес мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды, интерактивті, цифрлық немесе өзге нысанда ұсынылуы мүмкін.

6.5.2. Осы Ереженің 10.4-кіші бөлімінде белгіленген талаптар сақталған жағдайда бөгде авторлар мен ұйымдардың материалдарын пайдалануға жол беріледі.

7. Бағалау материалдары

7.1. Жалпы талаптар

7.1.1. Бағалау материалдары ПОӘК-нің міндетті компоненті болып табылады, пәннің оқыту нәтижелеріне сәйкес келеді және оларға қол жеткізу дәрежесін ашық әрі объективті айқындауды қамтамасыз етеді.

7.1.2. Бағалау материалдарының құрамына мынадай тапсырмалар мен құралдар кіреді:

- ағымдағы бағалаудың;
- аралық бақылаудың;
- қорытынды бақылаудың;
- пәнде көзделген өзге де бағалау түрлерінің.

7.1.3. Бағалау материалдары оқыту нәтижелерімен, пән мазмұнымен, күнтізбелік-тақырыптық жоспармен және силлабуста белгіленген бағалау жүйесімен келісілген болуы тиіс.

7.2. Бағалау тапсырмаларына қойылатын талаптар

7.2.1. Әрбір бағалау тапсырмасы үшін мыналар айқындалады:

- тапсырманың атауы мен түрі;
- бағаланатын оқыту нәтижелері;
- тапсырманың мазмұны;
- орындау шарттары мен тәртібі;
- нәтижені ұсыну нысаны;
- орындау мерзімін;
- бағалау критерийлерін;
- ең жоғары балл немесе өзге белгіленген көрсеткіш;
- ЖИ пайдалану шарттары мен деңгейі.

7.2.2. Бағалау үшін пәннің оқыту нәтижелеріне сәйкес келетін тестілік, практикалық, жобалық, зерттеушілік, жағдаяттық, шығармашылық және өзге де тапсырмалар пайдаланылуы мүмкін. Оларды бағалау үшін қажет болған жағдайда рубрикалар, дескрипторлар, чек-парақтар және шкалалар қолданылады.

7.2.3. Тапсырманы орындауға қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері оны орындау басталғанға дейін білім алушыларға қолжетімді болуы тиіс. Қолжетімділікті шектеу қорытынды бақылау тапсырмаларының мазмұнына қатысты болуы мүмкін, бірақ өткізу нысанына, бағаланатын оқыту нәтижелеріне және жалпы бағалау критерийлеріне қолданылмайды.

7.2.4. Бағалау тапсырмаларының мазмұны, күрделілігі, көлемі мен орындау мерзімдері пән көлеміне және білім алушылардың оқу жүктемесіне сәйкес келуі тиіс.

7.3. Қорытынды бақылау материалдары

7.3.1. Қорытынды бақылау нысаны білім беру бағдарламасымен айқындалады және пән силлабусында көрсетіледі.

7.3.2. Қорытынды бақылау материалдары пәннің оқыту нәтижелеріне сәйкес келуге және оларға қол жеткізу дәрежесін айқындауға мүмкіндік беруге тиіс.

7.3.3. Білім алушылардың алдын ала танысуына арналмаған емтихан тапсырмалары, тест материалдары, билеттер және қорытынды бақылаудың өзге де материалдары қолжетімділігі шектелген материалдарға жатады.

7.3.4. Қорытынды бақылау материалдарын сақтау және оларға қолжетімділік беру осы Ереженің 11 және 13-бөлімдерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Пәннің оқыту нәтижелерін конструктивті сәйкестендіру матрицасы

8.1. Конструктивті сәйкестендіру матрицасы ПОӘК-нің міндетті компоненті болып табылады және пәнді жобалау, сараптау және өзектендіру кезінде пайдаланылады.

8.2. Матрица пәннің оқыту нәтижелерінің мыналармен өзара байланысын көрсетеді:

- пән мазмұнымен;
- оқу қызметінің негізгі түрлерімен;
- оқыту әдістері мен технологияларымен;
- бағалау нысандары мен құралдарымен;
- қажет болған жағдайда ЖИ пайдалану шарттарымен.

8.3. Матрица әрбір оқыту нәтижесінің тиісті мазмұнмен, оқу қызметімен және бағалаумен қамтамасыз етілгенін көрсетуі тиіс.

8.4. Матрица осы Ережеге Б қосымшасының нысаны бойынша ресімделеді.

9. Оқу, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстары

9.1. Оқу, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстары пән мазмұнын меңгеруді және оның оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

9.2. Ресурстар құрамына мыналар кіруі мүмкін:

- оқулықтар мен оқу құралдары;
- ғылыми мақалалар мен монографиялар;
- нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттар;
- кәсіби стандарттар;
- электрондық кітапхана жүйелері мен ғылыми дерекқорлар;
- ашық білім беру ресурстары;
- цифрлық білім беру ресурстары;
- ЖАОК;
- виртуалды зертханалар мен тренажерлер;
- білім беру платформалары;
- пән мазмұнына сәйкес келетін өзге де ресурстар.

9.3. Пайдаланылатын ресурстар өзекті, сенімді, білім алушыларға қолжетімді және пәннің мазмұны мен оқыту нәтижелеріне сәйкес келуі тиіс.

9.4. Силлабуста білім алушыға тікелей қажетті негізгі ресурстар көрсетіледі. Ресурстардың кеңейтілген тізбесі ПОӘК-нің тиісті компонентінде немесе пәннің ақпараттық-білім беру ортасында орналастырылуы мүмкін.

9.5. Ресурсты ПОӘК-ге енгізу оның толық мазмұнын міндетті түрде көшіруді талап етпейді. Авторлық құқық талаптарын сақтай отырып, библиографиялық мәліметтерді, сілтемені немесе ресурсқа қол жеткізу орнын көрсетуге жол беріледі.

10. ПОӘК әзірлеуге және іске асыруға қойылатын ерекше талаптар

10.1. Академиялық адалдық

10.1.1. ПОӘК компоненттерін әзірлеу және пайдалану академиялық адалдық қағидаттары мен Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

10.1.2. Оқу және бағалау тапсырмаларын орындау кезіндегі академиялық адалдық талаптары силлабуста және тиісті бағалау материалдарында көрсетіледі.

10.1.3. Оқу және бағалау материалдары білім алушының дербес оқу қызметін басқа тұлғалардың немесе автоматтандырылған жүйелердің жұмыс орындауымен алмастыруға жағдай жасамауы тиіс.

10.2. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану

10.2.1. ПОӘК әзірлеу және іске асыру кезінде ЖИ пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

10.2.2. ЖИ пайдаланған кезде оқытушы жасалған материалдардың дұрыстығына, өзектілігіне, корректілігіне және пән мазмұны мен оқыту нәтижелеріне сәйкестігіне жауапты болады.

10.2.3. Оқытушы ЖИ қолдану арқылы жасалған материалдарды фактілік қателердің, сенімсіз сілтемелердің, қате қорытындылардың, біржақтылық белгілерінің және өзге де кемшіліктердің болуына тексеруі тиіс.

10.2.4. Дербес деректерді, қолжетімділігі шектелген материалдарды және құпия ақпаратты Университет мұндай ақпаратты өңдеуге рұқсат етпеген ЖИ жүйелеріне енгізуге жол берілмейді.

10.2.5. Білім алушылардың ЖИ пайдалану шарттары осы Ереженің 5.11-кіші бөліміне сәйкес айқындалады және қажет болған жағдайда нақты оқу және бағалау тапсырмаларында нақтыланады.

10.3. Инклюзивтілік және қолжетімділік

10.3.1. ПОӘК компоненттері инклюзивті білім беру қағидаттарын және білім алушыларға тең білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуді ескере отырып әзірленеді.

10.3.2. Оқу материалдары, тапсырмалар, нәтижелерді ұсыну нысандары және бағалау шарттары Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес білім алушылардың белгіленген ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып бейімделеді.

10.3.3. Электрондық оқу-әдістемелік материалдардың құрылымы түсінікті болуы, пайдаланылатын ақпараттық-білім беру ортасында дұрыс көрсетілуі және білім алушыларға қолжетімді форматтарда ұсынылуы тиіс.

10.3.4. Қажет болған жағдайда графикалық, аудио- және бейнематериалдарға мәтіндік сипаттамалар, субтитрлер немесе ақпаратты ұсынудың балама нысандары беріледі.

10.4. Авторлық құқық және ақпараттық ресурстарды пайдалану

10.4.1. ПОӘК әзірлеу және пайдалану кезінде авторлық құқық және зияткерлік меншік туралы заңнама талаптары сақталады.

10.4.2. Бөгде авторлар мен ұйымдардың материалдары дереккөз көрсетіліп, лицензия шарттары немесе оларды пайдаланудың өзге белгіленген тәртібі сақтала отырып пайдаланылады.

10.4.3. ПОӘК-ге заңсыз иемденілген материалдарды енгізуге немесе құқық иеленуші пайдалануды шектеген материалдарды таратуға жол берілмейді.

10.5. Дербес деректер мен құпия ақпаратты қорғау

10.5.1. Оқу материалдарында білім алушылардың, қызметкерлердің және өзге де жеке тұлғалардың дербес деректерін, сондай-ақ ұйымдардың құпия ақпаратын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Университеттің ішкі құжаттарының талаптары сақталады.

10.5.2. Дербес деректер оқу қызметін іске асыру үшін қажетті көлемде ғана пайдаланылады. Тұлғаны сәйкестендіру қажеттілігі болмаған жағдайда деректер иесіздендірілуге тиіс.

10.5.3. Дербес деректерді, құпия ақпаратты немесе қолжетімділігі шектелген мәліметтерді қамтитын материалдар ашық қолжетімділікте орналастырылмайды.

11. ПОӘК әзірлеу, сараптау және бекіту

11.1. ПОӘК әзірлеу және жауапкершілікті бөлу

11.1.1. ПОӘК-ні лектор пәнді іске асыруға қатысатын оқытушылармен бірлесіп әзірлейді.

11.1.2. ПОӘК әзірлеу мен сапасына жауапкершілік мынадай тәртіппен бөлінеді:

- лектор ПОӘК әзірлеуді үйлестіреді және оның компоненттерінің келісімділігін қамтамасыз етеді;
- оқытушылар өздері әзірлейтін және пайдаланатын материалдардың мазмұнына, сапасына, өзектілігіне және уақтылы орналастырылуына жауапты болады;
- білім беру бағдарламасының жетекшісі ПОӘК-нің білім беру бағдарламасына сәйкестігін қамтамасыз етеді және оның сараптамасын ұйымдастырады;
- Академиялық офис әдістемелік сүйемелдеуді және осы Ереже талаптарының сақталуын тексеруді жүзеге асырады.

11.1.3. ПОӘК әзірлеу кезінде білім беру бағдарламасына сәйкестік, оқыту нәтижелерінің, мазмұнның, оқу қызметі мен бағалаудың өзара байланысы, сондай-ақ кешеннің барлық компоненттерінің келісімділігі қамтамасыз етіледі.

11.2. ПОӘК сараптамасы

11.2.1. ПОӘК-нің бастапқы сараптамасы оны әзірлеу кезінде, ал қайталама сараптама осы Ереженің 12.4-тармағында көзделген елеулі өзгерістер енгізілген кезде жүргізіледі.

11.2.2. ПОӘК сараптамасы пәннің тиісті редакциясын іске асыру басталғанға дейін жүргізіледі және мыналарды бағалауды қамтиды:

- пән мазмұнының білім беру бағдарламасына сәйкестігін;
- оқыту нәтижелерінің нақтылығын, қолжетімділігін және өлшенетіндігін;
- оқыту нәтижелерінің, мазмұнның, оқу қызметі мен бағалаудың келісімділігін;
- оқу жүктемесінің пән көлеміне сәйкестігін;
- бағалау материалдарының сапасын;
- оқу, ақпараттық және цифрлық ресурстардың өзектілігі мен қолжетімділігін;
- академиялық адалдық, ЖИ пайдалану, инклюзивтілік, авторлық құқық және деректерді қорғау талаптарының сақталуын;
- осы Ереженің талаптарына сәйкестігін.

11.2.3. Білім беру бағдарламасының жетекшісі ПОӘК-нің білім беру бағдарламасына сәйкестігін алдын ала тексереді және материалдарды Академиялық жұмыс және сапаны қамтамасыз ету комитетінің қарауына ұсынады.

11.2.4. Академиялық жұмыс және сапаны қамтамасыз ету комитеті ПОӘК-ні қарайды және төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды. Қарау нәтижелері осы Ережеге В қосымшасының нысаны бойынша ПОӘК сараптама парағында тіркеледі:

- пайдалануға ұсыну;
- ескертулер жойылғаннан кейін пайдалануға ұсыну;
- пысықтауға жіберу.

11.2.5. ПОӘК-ні пайдалануға кедергі келтіретін ескертулер силлабус бекітілгенге және пәнді іске асыру басталғанға дейін жойылуы тиіс.

11.2.6. Академиялық офис ПОӘК әзірлеу мен сараптауды әдістемелік сүйемелдеуді және осы Ереже талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

11.2.7. Аралық бақылау материалдарын лектор пәнді іске асыратын оқытушылармен бірлесіп әзірлейді және олар пайдаланылғанға дейін білім беру бағдарламасының жетекшісімен келісіледі.

11.2.8. Аралық бақылау материалдарын келісу кезінде олардың пәннің оқыту нәтижелеріне, пән мазмұнына, белгіленген бағалау жүйесі мен критерийлеріне сәйкестігі тексеріледі.

11.2.9. Қорытынды бақылау материалдарын лектор пәнді іске асыратын оқытушылармен бірлесіп әзірлейді және олар пайдаланылғанға дейін ішкі сараптамадан өтеді.

11.2.10. Қорытынды бақылау материалдарының сараптамасын білім беру бағдарламасының жетекшісі айқындайтын тиісті немесе туыстас бағыттағы оқытушы жүргізеді.

11.2.11. Қорытынды бақылау материалдарын сараптау кезінде мыналар бағаланады:

- пәннің оқыту нәтижелеріне сәйкестігі;
- пәннің негізгі мазмұнын қамтуы;

- қорытынды бақылау нысаны мен күрделілік деңгейінің мәлімделген оқыту нәтижелеріне сәйкестігі;
- тапсырмалар мен бағалау критерийлерінің корректілігі;
- пән бірнеше академиялық топта іске асырылған жағдайда талаптардың салыстырмалылығы.

11.2.12. Сараптама нәтижелері бойынша қорытынды бақылау материалдары бекітуге ұсынылады немесе пысықтауға жіберіледі.

11.2.13. Қорытынды бақылау материалдары сараптамасының нәтижелері осы Ережеге Д қосымшасының нысаны бойынша сараптама парағында тіркеледі және тиісті қорытынды бақылау материалдарымен бірге білім беру бағдарламасының жетекшісінде сақталады.

11.2.14. Бекітілген қорытынды бақылау материалдары білім беру бағдарламасының жетекшісінде және (немесе) Университет айқындаған қолжетімділігі шектелген қорғалған ақпараттық жүйеде сақталады. Олардың сақталуына, құпиялылығына және уәкілетті тұлғаларға берілуіне білім беру бағдарламасының жетекшісі жауапты болады.

11.3. ПОӘК компоненттерін бекіту және қолданысқа енгізу

11.3.1. Пән силлабусы міндетті түрде бекітілуге тиіс. Силлабус пәнді іске асыру басталғанға дейін Университетте белгіленген тәртіппен бекітіледі.

11.3.2. Бекітілген силлабус білім алушыларға ұсынылатын құжаттың ресми нұсқасы болып табылады.

11.3.3. Оқу-әдістемелік материалдар мен ағымдағы бағалау материалдарын оқытушылар әзірлейді және өзектендіреді, олар бөлек бекітуге жатпайды.

11.3.4. Аралық бақылау материалдары осы Ереженің 11.2.7–11.2.8-тармақтарына сәйкес білім беру бағдарламасының жетекшісімен келісілгеннен кейін пайдалануға енгізіледі.

11.3.5. Қорытынды бақылау материалдары сарапшының оң қорытындысынан кейін тиісті қорытынды бақылау басталғанға дейін білім беру бағдарламасының жетекшісімен бекітіледі.

12. ПОӘК-ні өзектендіру және сапасын мониторингтеу

12.1. ПОӘК пәнді іске асырудың кезекті кезеңі басталар алдында қайта қаралады және оны өзгертуге негіздер туындаған кезде өзектендіріледі.

12.2. ПОӘК-ні өзектендіруге мыналар негіз болуы мүмкін:

- оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді талдау нәтижелері;
- білім алушылар мен оқытушылардың кері байланысы;
- білім беру бағдарламасының, нормативтік талаптар мен кәсіби стандарттардың өзгеруі;
- ғылымның, білім беру технологиялары мен цифрлық ресурстардың дамуы;
- жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптардың ұсынымдары;
- білім сапасының ішкі және сыртқы мониторингі нәтижелері.

12.3. Оқу материалдарын, мысалдарды, кейстерді, әдебиеттерді, цифрлық ресурстарды және ағымдағы тапсырмаларды ағымдағы өзектендіруді оқытушы қажеттілігіне қарай жүзеге асырады және егер ол оқыту нәтижелеріне, пәннің

негізгі мазмұнына және бағалау жүйесіне әсер етпесе, ПОӘК-ні қайта сараптауды талап етпейді.

12.4. Оқыту нәтижелерінің, негізгі мазмұнның, пән көлемінің, бағалау жүйесінің немесе қорытынды бақылау нысанының өзгерістері елеулі болып табылады және Университетте белгіленген тәртіппен ПОӘК-нің тиісті компоненттерін қайта сараптауды талап етеді.

12.5. ПОӘК сапасының мониторингі пәнді іске асыру барысында және (немесе) қорытындысы бойынша жүргізіледі және оны пайдаланудың сапасы мен нәтижелілігін бағалауға бағытталады.

12.6. Мониторинг кезінде мыналар ескеріледі:

- оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесі;
- пәнді нақты іске асырудың бекітілген силлабусқа сәйкестігі;
- оқу-әдістемелік және бағалау материалдарының келісімділігі;
- материалдардың білім алушыларға қолжетімділігі;
- тапсырмалар мен бағалау критерийлерінің түсініктілігі;
- білім алушылар мен оқытушылардың кері байланысы;
- анықталған қиындықтар және ПОӘК-ні өзектендіру қажеттілігі.

12.7. ПОӘК сапасының мониторингін білім беру бағдарламасының жетекшісі Академиялық жұмыс және сапаны қамтамасыз ету комитеті мен Академиялық офистің өз өкілеттіктері шегінде қатысуымен ұйымдастырады.

12.8. ПОӘК-нің елеулі өзгерістері осы Ережеге Г қосымшасының нысаны бойынша өзектендіру парағында тіркеледі.

13. ПОӘК-ні орналастыру, оған қолжетімділік және сақтау

13.1. ПОӘК-нің өзекті компоненттері Университеттің ақпараттық-білім беру ортасында материалдарға ыңғайлы қолжетімділікті және олардың пәнмен, оқу кезеңімен және оқу қызметінің түрімен сәйкестендірілуін қамтамасыз ететін құрылымда орналастырылады.

13.2. Бекітілген силлабус білім алушыларға пәнді оқу басталғанға дейін қолжетімді болуы тиіс.

13.3. Тиісті оқу қызметін немесе тапсырманы орындау үшін қажетті оқу-әдістемелік және бағалау материалдары сабақ немесе тапсырманы орындау басталғанға дейін орналастырылады. Материалдарды күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен ашуға жол беріледі.

13.4. Қолжетімділігі шектелген материалдарды қоспағанда, білім алушыларға пәнді меңгеру және оқу мен бағалау тапсырмаларын орындау үшін қажетті материалдарға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

13.5. Қолжетімділігі шектелген материалдар құпиялылық, ақпараттық қауіпсіздік және қолжетімділік құқықтарын ажырату талаптарын сақтай отырып орналастырылады және сақталады. Қорытынды бақылау материалдарын сақтау осы Ереженің 11-бөлімінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

13.6. ПОӘК компоненттері жаңартылған кезде ағымдағы қолжетімділікте олардың өзекті нұсқасы орналастырылады. Алдыңғы нұсқалар қажет болған жағдайда архивте сақталады.

Пән силлабусының нысаны

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ

ЖМ _____
(атауы)

СИЛЛАБУС

пәні _____
(пәннің атауы)

білім беру бағдарламасының білім алушыларына арналған

(БББ коды мен атауы)

Құрастырушы(лар): _____
Тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы, қолы

Силлабусты әзірлеу негізі: білім беру бағдарламасы, оқу жоспары; үлгілік оқу бағдарламасы – бар болған жағдайда; элективті пәндер каталогы – таңдау компонентінің пәндері үшін.

Академиялық жұмыс және сапаны қамтамасыз ету комитетінің отырысында қаралды, № _____ хаттама, _____ 20__ ж.

Жоғары мектеп кеңесі ұсынды, № ____ хаттама, _____ 20__ ж.

Академиялық кеңес отырысында бекітілді, № __ хаттама, _____ 20__ ж.

ББ жетекшісі _____
(қолы) (атының бас әрпі, тегі)

Павлодар қ.

1. Пән туралы жалпы ақпарат

Пәннің атауы	
Білім беру бағдарламасы	
Білім деңгейі	
Оқу нысаны	
Академиялық кредиттер саны	
Семестр / іске асыру кезеңі	
Пәнді іске асыру тілі	
Оқу сабақтарының түрлері	

Оқу жүктемесінің жалпы көлемі

2. Оқытушы туралы мәліметтер

Т.А.Ә.	Лауазымы	Корпоративтік электрондық пошта	Консультация өткізу орны және (немесе) тәсілі	Өзге де ресми байланыс тәсілдері

Ескертпе. Егер пәнді бірнеше оқытушы іске асырса, мәліметтер олардың әрқайсысы бойынша көрсетіледі.

3. Пән туралы

Пәннің қысқаша сипаттамасы (мәтін). Түсіндірме. Пәннің нені оқытатыны, білім беру бағдарламасында қандай орын алатыны және білім алушыны даярлау үшін қандай маңызы бар екені көрсетіледі.

Пәннің мақсаты (мәтін). Түсіндірме. Пәннің оқыту нәтижелерімен келісілген оны меңгерудің жалпы бағыты көрсетіледі.

4. Пәннің оқыту нәтижелері

Код	Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы мыналарды орындай алады	Білім беру бағдарламасының ОН-мен байланысы
ОН1		
ОН2		
ОН3		
ОН4		
ОН5		

5. Пререквизиттер мен постреквизиттер

Пререквизиттер	
Постреквизиттер	

Ескертпе. Егер пререквизиттер немесе постреквизиттер көзделмесе, «көзделмеген» деп көрсетіледі.

6. Пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Апта / кезең	Модуль / тақырып	ОН	Дәрістер	Практикалық / семинарлық / зертханалық / студиялық	БӨЖ	БӨЖ	Негізгі тапсырма / бағалау нысаны	Тапсырманы орындау мерзімі

ОН. Пәннің оқыту нәтижелерінің кодтары көрсетіледі: ОН1, ОН2, ОН3 және т.б.

Оқу жүктемесі. Оқу қызметінің түрлері бойынша сағат саны оқу жоспарына сәйкес келуі тиіс.

Тапсырмалар. Жоспарда маңызды тапсырмалар мен бағалау нысандарының қысқаша атаулары келтіріледі. Толық сипаттамалар, нұсқаулықтар мен критерийлер ПОӘК-нің тиісті материалдарында орналастырылады.

Ұзақтығы. Жолдар саны пәнді іске асыру кезеңімен айқындалады.

6.1 Дуальды оқыту бағдарламасы

Апта / кезең	Модуль / тақырып	ОН	Дәрістер	Практикалық / семинарлық / зертханалық / студиялық	БӨЖ	БӨЖ	Негізгі тапсырма / бағалау нысаны	Тапсырманы орындау мерзімі	Менгеру	
									Университеттегі сағат саны	Білім беру ұйымының базасындағы сағат саны

Апта / кезең	Модуль / тақырып	ОН	Дәрістер	Практикалық / семинарлық / зертханалық / студиялық	БООЖ	БӨЖ	Негізгі тапсырма / бағалау нысаны	Тапсырманы орындау мерзімі	Менгеру	
									Университеттегі егі сағат саны	Білім беру ұйымының базасындағы сағат саны

ОН. Пәннің оқыту нәтижелерінің кодтары көрсетіледі: ОН1, ОН2, ОН3 және т.б.

Оқу жүктемесі. Оқу қызметінің түрлері бойынша сағат саны оқу жоспарына сәйкес келуі тиіс.

Тапсырмалар. Жоспарда маңызды тапсырмалар мен бағалау нысандарының қысқаша атаулары келтіріледі. Толық сипаттамалар, нұсқаулықтар мен критерийлер ПОӘК-нің тиісті материалдарында орналастырылады.

Ұзақтығы. Жолдар саны пәнді іске асыру кезеңімен айқындалады.

7. Оқыту нәтижелерін бағалау жүйесі

Бағалау түрі / тапсырма	Нысаны	ОН	Негізгі критерийлер	Мерзімі	Ең жоғары балл
Ағымдағы бағалау 1					
Ағымдағы бағалау 2					
Ағымдағы бағалау 3					
Ағымдағы бағалау 4					

Бағалау түрі / тапсырма	Нысаны	ОН	Негізгі критерийлер	Мерзімі	Ең жоғары балл
Ағымдағы бағалау 5 және т.б.					
Аралық бақылау 1					
Аралық бақылау 2					
Қорытынды бақылау					
Барлығы					100 % / 100 балл

Қорытынды бағаны қалыптастыру тәртібі (мәтін). Ескертпе. Тапсырмалардың толық сипаттамалары, нұсқаулықтар, дескрипторлар мен рубрикалар ПОӘК-нің бағалау материалдарының құрамында ресімделеді.

8. Пәнді меңгеру саясаты

Оқу қызметіне қатысу	
Мерзімдерді сақтау және ауыстыру	
Жұмыстарды ұсыну, пысықтау және қайта орындау	
Кері байланыс беру тәртібі	
Академиялық адалдық талаптары	
Жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді және цифрлық ресурстарды пайдалану	
Пән ерекшелігіне байланысты өзге де талаптар	

Ескертпе. Силлабуста пәннің ерекшелігіне байланысты талаптар көрсетіледі. Университеттің Академиялық саясатының жалпы нормалары қайталанбайды.

9. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану

Қызмет / тапсырма түрі	ЖИ пайдалану деңгейі	Шарттар мен шектеулер
Сабақтарға дайындық		
Ағымдағы тапсырмалар		
Жобалық / зерттеушілік жұмыстар		
Аралық бақылау		
Қорытынды бақылау		

Ескертпе. Ереженің 5.11-кіші бөлімінде белгіленген 0–4 деңгейі көрсетіледі. Нақты тапсырманың арнайы шарттары оның толық сипаттамасында беріледі.

10. Негізгі оқу, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстары

1. Негізгі оқу әдебиеті
2. Нормативтік, ғылыми және кәсіби дереккөздер
3. Электрондық кітапхана жүйелері, дерекқорлар және цифрлық ресурстар
4. Ресурстардың кеңейтілген тізбесін орналастыру орны

Емтихан билетінің нысаны

“Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті” КеАҚ

Пән бойынша _____

Білім беру бағдарламасы бойынша _____

№ _____ емтихан билеті

1. ...

2. ...

3. ...

Білім беру бағдарламасының жетекшісі

КОЛЫ

«___» ___ 20__ ж. №___ хаттамамен, ___ ЖМ АЖжСҚ бойынша комитетінің
отырысында бекітілген

КОНСТРУКТИВТІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ МАТРИЦАСЫ

пәннің оқыту нәтижелері

Пән	
Білім беру бағдарламасы	
Лектор	

№	Пәннің оқыту нәтижесі	Пән мазмұны / тақырыптары	Оқу қызметінің негізгі түрлері	Оқыту әдістері мен технологиялары	Бағалау нысандары мен құралдары	ЖИ пайдалану – қажет болған жағдайда
1	ОН1					
2	ОН2					
3	ОН3					
4	ОН4					

№	Пәннің оқыту нәтижесі	Пән мазмұны / тақырыптары	Оқу қызметінің негізгі түрлері	Оқыту әдістері мен технологиялары	Бағалау нысандары мен құралдары	ЖИ пайдалану – қажет болған жағдайда
5	ОН5					
6	ОН6					

ОН бойынша толтыру. Әрбір жол тиісті оқыту нәтижесінің қандай мазмұнмен, оқу қызметімен және бағалаумен қамтамасыз етілетінін көрсетеді.

Байланыстар. Бір оқыту нәтижесі бірнеше тақырыппен, қызмет түрлерімен және бағалау нысандарымен байланысты болуы мүмкін.

ЖИ. ЖИ пайдалану шарттары олар тиісті оқыту нәтижесіне қол жеткізу немесе оны бағалау үшін мәнге ие болған жағдайда ғана көрсетіледі.

ПОӘК САРАПТАМА ПАРАҒЫ

Пән	
Білім беру бағдарламасы	
Лектор / әзірлеуші	
Сарапшы(лар)	
Сараптама күні	

№	Сараптама критерийі	Сәйкес келеді	Ішінара сәйкес келеді	Сәйкес келмейді	Түсініктеме
1	Пән мазмұны білім беру бағдарламасына және оның оқыту нәтижелеріне сәйкес келеді.	☐	☐	☐	
2	Пәннің оқыту нәтижелері нақты, қолжетімді, өлшенетін және білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерімен байланысты.	☐	☐	☐	
3	Мазмұн, оқу қызметі және бағалау оқыту нәтижелерімен конструктивті түрде сәйкестендірілген.	☐	☐	☐	
4	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар пәнді меңгерудің логикалық реттілігін көрсетеді және оқу жүктемесінің көлеміне сәйкес келеді.	☐	☐	☐	
5	Оқу-әдістемелік материалдар көзделген оқу қызметінің түрлерін ұйымдастыру үшін жеткілікті.	☐	☐	☐	
6	Бағалау тапсырмалары оқыту нәтижелеріне сәйкес келеді, ал олардың көлемі мен күрделілігі оқу жүктемесіне сай.	☐	☐	☐	

№	Сараптама критерийі	Сәйкес келеді	Ішінара сәйкес келеді	Сәйкес келмейді	Түсініктеме
7	Бағалау критерийлері мен шарттары түсінікті және бағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.	☐	☐	☐	
8	Силлабус пен ПОӘК-тің басқа компоненттері өзара келісілген және негізсіз қайталауды қамтымайды.	☐	☐	☐	
9	Оқу, ақпараттық және цифрлық ресурстар өзекті, сенімді және білім алушыларға қолжетімді.	☐	☐	☐	
10	Академиялық адалдық және ЖИ пайдалану талаптары пәннің ерекшелігін ескере отырып айқындалған.	☐	☐	☐	
11	Оқу материалдары мен бағалаудың инклюзивтілігі мен қолжетімділігі талаптары сақталған.	☐	☐	☐	
12	Авторлық құқық, дербес деректерді қорғау және қолжетімділігі шектелген материалдармен жұмыс істеу талаптары сақталған.	☐	☐	☐	

Сарапшының қорытындысы

☐ ПОӘК пайдалануға ұсынылады. ☐ Ескертулер жойылғаннан кейін ұсынылады. ☐ Елеулі пысықтауды талап етеді.

Негізгі ескертулер мен ұсынымдар

--

Ескертулерді жою мерзімі	
Сарапшы(лар): Т.А.Ә., қолы	
Қайталама тексеру нәтижесі – қажет болған жағдайда	

ПОӘК ӨЗЕКТЕНДІРУ ПАРАҒЫ

Пән	
Білім беру бағдарламасы	
Оқу жылы / кезеңі	
Лектор	

Күні	ПОӘК компоненті	Өзгерістің мазмұны	Негіздеме	Енгізілген күні	Жауапты тұлға

Өзгеріс бойынша шешім

Қайталама сараптама: ☐ талап етіледі ☐ талап етілмейді

Шешімнің / сараптаманың деректемелері	
Өзгерістің күшіне ену күні	
Жауапты тұлғаның қолы	

Ескертпе. Парақта ПОӘК компоненттерінің елеулі өзгерістері көрсетіледі. Оқыту нәтижелеріне, пәннің негізгі мазмұнына және бағалау жүйесіне әсер етпейтін ағымдағы жаңартулар тіркелмеуі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫН САРАПТАУ ПАРАҒЫ

Пән			
Білім беру бағдарламасы			
Қорытынды бақылау нысаны			
Лектор			
Сарапшы			
Сараптама күні			
Критерий	Сәйкес келеді	Пысықтауды талап етеді	Түсініктеме
Материалдардың пәннің оқыту нәтижелеріне сәйкестігі	☐	☐	☐
Пәннің негізгі мазмұнын қамтуы	☐	☐	☐
Қорытынды бақылау нысаны мен күрделілік деңгейінің мәлімделген оқыту нәтижелеріне сәйкестігі	☐	☐	☐
Тапсырмалар тұжырымдарының корректілігі	☐	☐	☐
Бағалау критерийлерінің корректілігі мен қолданылуы	☐	☐	☐
Пән бірнеше академиялық топта іске асырылған кезде талаптардың салыстырмалылығы	☐	☐	☐

Сарапшының қорытындысы:

- ☐ бекітуге ұсынылады
☐ ескертулер жойылғаннан кейін бекітуге ұсынылады
☐ пысықтауға жіберіледі

Сарапшы: _____
 (тегі, аты, әкесінің аты) қолы күні

Бекітемін: БББ жетекшісі _____
 (тегі, аты, әкесінің аты) қолы күні

Келесу парағы

Лауазымы	Тегі, аты, әкесінің аты	Күні	Қолы
Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Жумабекова А.Б.		
Академиялық офистің басшысы	Жакиенова А.А.		
ЖЖМ деканы	Убайдуллаева Н.А.		
ПЖМ деканы	Жапарова Б.М.		
ГҒЖМ деканы	Каримова А.Е.		
ӨСЖМ деканы	Лебедева В.И.		